

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымын проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.



«RG BRANDS» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ («RG Brands» АҚ)

ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Алматы қ., 2013 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «RG Brands» акционерлік қоғамының (бұдан былай – Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні:

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеу осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеумен бір уақытта жүзеге асырылады.

2) шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі:

12 000 000 000 (он екі миллиард) теңге.

3) облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:

Осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші болып табылады.

4) облигациялардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер:

Осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші болып табылады.

3. Шығарылымның құрылымы:

1) облигациялардың түрі: қамтамасыз етілмеген купонды облигациялар,

2) шығарылатын облигациялар саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі:

шығарылатын облигациялар саны – 7 000 000 000 (жеті миллиард) дана,
номиналдық құны бойынша облигациялар шығарылымның жалпы көлемі – 7 000 000 000 (жеті миллиард) теңге,

3) бір облигацияның номиналдық құны: 1 (бір) теңге.

4) облигациялар бойынша сыйақы:

• облигациялар бойынша сыйақының ставкасы:

Облигация айналымының барлық кезеңіне белгіленген, облигацияның номиналды құнынан жылдық 7,5% құрайды.

• сыйақыны есептеу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналымы басталған күннен басталады және облигация айналымының барлық мерзімі барысында жүргізіледі.

• сыйақы төлеудің кезеңділігі және күні:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигация айналымының барлық мерзімі ішінде облигация айналымы басталған күннен бастап әр алты ай өткен сайын жылына екі рет жүргізіледі.

• сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары:

Сыйақы төлеу жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оны алу құқығына ие тұлғаларға төленеді. Сыйақы төлеу сыйақы төлеу жүргізілетін кезеңнің соңғы күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің есептік шотынан облигация ұстаушылардың есептік шотына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі.

Облигация инвесторы Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға болса, сыйақы төлеу облигация инвесторында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі. Төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғадан тиісті жазбаша өтінімді алған

жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Айырбастау облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға есебінен жүргізіледі. Сыйақыны облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға пайдасына төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.

- *сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:*
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және олардың айналымының барлық кезеңі ішінде айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебінен жүргізіледі.
- *индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі:*
индекстелген облигациялар шығарылымы кезіндегі есептесу тәртібі қарастырылмаған, өйткені облигациялар индекстелмеген.

5) облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

- *облигация айналысының басталу күні:*
Облигация айналымының басталу күні болып облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген күн табылады.
- *облигация айналыс мерзімі және оларды өтеу шарттары:*
Облигация айналымының мерзімі – айналым басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл. Облигациялар облигациялар айналымының соңғы күнінің алдындағы күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купон сыйақысын төлеумен бір уақытта облигацияның номиналды құны бойынша төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы (бағалы қағаз ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) жағдай бойынша облигациялар ұстаушысы тізілімінің жүйесінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен өтеледі.
Облигация инвесторы Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға болса, облигациялар бойынша төлемдер облигация инвесторында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі. Төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғадан тиісті жазбаша өтінімді алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Айырбастау облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға есебінен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлемді облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға пайдасына жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.
- *облигацияларды өтеу күні:*
облигацияларды өтеу күні – облигация айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.
- *облигациялар өтелетін орын:*
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауд., Райымбек д-лы, 212 «Б», тел: +7 (727) 250 57 40, 250 99 68, факс: +7 (727) 250 13 55.
- *облигациялар өтеу тәсілі:*
Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақы төлеу облигация ұстаушылар тізілімінің жүйесінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

б) облигациялар бойынша қамтамасыз ету:

Облигациялар қамтамасыз етілмейді.

7) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер:

Облигация ұстаушының өкілі: «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы, орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Манас к-сі, 32 А, тел.: +7 (727) 259 88 77, факс: +7 (727) 259 88 87, 2013 жылғы 27 мамырдағы №1484 Облигация ұстаушының өкіліне қызмет көрсету туралы шарты. Бірінші басшы – Басқарма Төрағасы Камаров Т.К.

8) тіркеуші туралы мәліметтер:

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141-үй (Құрманғазы к-сімен қиылысы), тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60, ішкі 230. 2012 жылғы 16 қарашадағы №00373-АҚ Бағалы қағаз ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу туралы шарт. Бірінші басшы – Басқарма Төрағасы Жакупов К.Т.

9) облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер:

«RESMI» инвестициялық қаржы үйі» акционерлік қоғамы, орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл Фараби даңғ., 110 «Е», тел: +7 (727) 266 70 77, 266 71 77, факс: +7 (727) 266 74 00. 2013 жылғы 22 сәуірдегі №4031-2013 Андеррайтерлік келісім. Бірінші басшы – Басқарма Төрағасы Манаенко А.А.

10) төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті қарастырылмаған. Төлем агенті функцияларын Эмитент өз бетінше жүзеге асырады.

11) облигацияның ұстаушысына берілетін құқықтар:

- осы проспект шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы,
- осы проспект шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде белгіленген сыйақы алу құқығы,
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу,
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру,
- облигацияларды еркін тәртіппен иеліктен шығару және басқа да тәсілдермен басқару,
- сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерін орындамаудың әр күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерін орындамаудың әр күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни төлем жүзеге асырылған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) қолданылған Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына байланысты есептеледі,
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы,
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигациялардың меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.

Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.

Эмитент осы проспектінің 3-2) тармағында көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған жағдайларда облигация ұстаушы облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Шектеуді (ковенантты) бұзған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні өткеннен кейін облигация ұстаушы Эмитент атына оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінім жіберуге құқылы. Облигация ұстаушының өтінімін Эмитент өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырады. Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі

облигацияларды ұстаушыларға оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақпаратты Эмитенттің корпоративтік сайтында (www.brands.kz) және/немесе Эмитенттің Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау, сонымен қатар ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтына (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) орналастыру арқылы хабарланады.

11-1) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл осы проспектіде белгіленген мерзім ішінде купондық сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлемеу немесе толығымен төлемеу. Егер осы мерзім өткеннен кейін Эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер осы орындамау жойқын күш әсері салдарынан болса, Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамау жауапкершілігінен босатылады. Жойқын күш жағдайларынан күтпеген немесе алдын ала алу мүмкін емес оқиғаларды (стихиялық апаттар, әскери әрекеттер және т.б.) түсінеміз. Жойқын күш оқиғалары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай оқиғалар немесе олардың салдары әсер еткен уақытқа сай кейін шегіндіріледі.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қолданатын шаралары, облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу жөніндегі міндеттемелер орындамау немесе тиісінше орындамау кезінде облигация ұстаушылардың құқығын қорғау рәсімі, оның ішінде міндеттемелердің қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары

Дефолт оқиғасы орын алған кезде Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою жөніндегі шаралар Жоспарын әзірлейді және бекітеді. Эмитент дефолт оқиғасы орын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдауға міндетті. Дефолт жағдайында Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған Эмитент қабылдауы тиіс шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмейтін басқа да әрекеттерінен тұрады. Аталған кезең ішінде осындай себептерді жоймаған жағдайда облигацияларды ұстаушылар Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жіберу арқылы Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімді Эмитент кредиторлардың келісімімен қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылдайды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигацияларды ұстаушылармен облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда облигация ұстаушылардың өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не болмаса тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитент міндеттемелері бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талап қою тәртібін қоса алғанда, эмитенттің облигацияларды ұстаушылар назарына орындалмаған міндеттемелер көлемінен, міндеттемелерді орындамау себебінен, сонымен қатар облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал әрекеттерін тізбектеуден тұруы тиіс дефолт деректері туралы ақпараттарды ұсыну тәртібінің, мерзімі мен тәсілінің толық сипаттамасы. Аталған ақпаратты таратуды эмитент басқа заңды тұлғаға тапсырған жағдайда осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі

Осы облигациялар шығарылымы бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы міндеттемелерді орындаудың осы проспектіде белгіленген күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өз бетінше хабарлауға міндетті. Эмитент аталған мәліметтерді облигацияларды ұстаушыларға хабарды Эмитенттің корпоративтік сайтында (www.brands.kz) және/немесе Эмитенттің Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау, сонымен қатар ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтына (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент хабары дефолт дерегі туралы, соның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі, оларды орындамау себебі, Эмитентке талап қою тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал әрекеттерін тізбектеу, Эмитент орын алған жағдайды түзету үшін қабылдайтын шаралар және орындалмаған міндеттемелерді өтеудің ықтимал мерзімдері туралы ақпараттардан тұруы тиіс.

Инвестор дефолт орын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні өткеннен кейін Эмитент атына оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінім жіберуге құқылы. Облигация ұстаушының өтінімін Эмитент өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырады.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі облигацияларды ұстаушыларға оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақпаратты Эмитенттің корпоративтік сайтында (www.brands.kz) және/немесе Эмитенттің Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау, сонымен қатар ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтына (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) орналастыру арқылы хабарланады.

12) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы:

Эмитент органының шешімімен Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.

Эмитент облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен сатып алуға және сатуға құқылы. Мәміле мерзімдері мен бағалары мәміле жасалған кезде орын алған нарықтық жағдайларға байланысты анықталады.

12-1) эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Эмитент Жарғысына сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс Эмитент қызметі және қаржылық жағдайы туралы, сонымен қатар осы облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы ақпарат Эмитенттің корпоративтік сайтына (www.brands.kz) және/немесе Эмитенттің Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарына, сонымен қатар Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шарттарды белгіленген мерзімдер мен тәртіптерге сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтына (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдер мен шарттарға сәйкес Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) орналастырылады.

Облигацияларды ұстаушылар Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Эмитент атына жазбаша сұрау жіберу арқылы сұратуға құқылы. Эмитент ақпаратты сұрау алған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде ұсынуға міндетті.

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны Эмитент келесілер үшін қолдануды жоспарлауда:

- өндірістік қуатты жоғарылатуға инвестициялар – 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге,

- дистрибуционды инфрақұрылымды дамыту – 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге.

Эмитент орын алған кезде облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны тарату жоспарындағы өзгерістерді алдын ала біле алмайды. Болашақта алынатын ақшалай қаражатты тарату жоспарында өзгерістер болуы ықтимал жағдайлар орын алған кезде Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес облигациялар шығарылымының проспектісіне тиісті өзгертулерді енгізеді.

3-1) Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде

Эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарын болжау (жанама әдіс)

	2-жарты жылдық 2013	1-жарты жылдық 2014	2-жарты жылдық 2014	1-жарты жылдық 2015	2-жарты жылдық 2015	1-жарты жылдық 2016	2-жарты жылдық 2016	1-жарты жылдық 2017	2-жарты жылдық 2017	1-жарты жылдық 2018	2-жарты жылдық 2018	1-жарты жылдық 2019	2-жарты жылдық 2019	1-жарты жылдық 2020
Операциялық ақша ағыны														
Таза пайда	1 818	2 466	3 014	3 352	4 097	4 660	5 696	6 195	7 571	7 853	9 598	8 638	10 558	9 502
соның ішінде купонды өтеу		126	126	206	206	263	263	263	263	263	263	263	263	263
Тозу және амортизация	905	908	1 109	1 146	1 478	1 377	1 738	1 498	1 887	1 593	2 003	1 953	2 503	2 348
Айналым капиталын өзгерту	-209	-341	-417	-462	-542	-580	-664	-701	-790	-803	-893	-1 184	-1 082	-1 602
ПЖШЕ-те ақшалай емес баптарға өзгерту	605	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Операциялық қызметтен ақшалай ағын	3 119	3 033	3 706	4 036	5 033	5 457	6 770	6 992	8 667	8 643	10 708	9 408	11 979	10 248
Инвестициялық ақша ағыны														
Күрделі шығындар	-572	-2 507	-3 064	-3 636	-4 443	-4 562	-5 576	-4 042	-4 940	-4 500	-5 500	-4 950	-6 050	-5 445
Басқалары (ағымдағы лизинг)	-634	-400	-489	-24	-29	-20	-24	0	0	0	0	0	0	0
Инвестициялық қызметтен ақша ағыны	-1 207	-2 907	-3 553	-3 659	-4 472	-4 582	-5 600	-4 042	-4 940	-4 500	-5 500	-4 950	-6 050	-5 445
Қаржылық ақша ағыны														
Ұзақ мерзімді берешекті ұлғайту / азайту	-1 266	753	920	766	936	-49	-59	0	0	0	0	0	0	-7 000
соның ішінде облигациялық қарызды алу/өтеу		4 000		3 000										-7 000
Қысқа мерзімді берешекті ұлғайту / азайту	-853	109	133	-715	-874	-536	-655	-49	-59	0	0	0	0	0
Артықшылықты акциялар	0	0	0	0	0	-675	-825	0	0	0	0	0	0	0
Қаржылық қызметтен ақша ағыны	-2 120	862	1 053	51	62	-1 259	-1 539	-49	-59	0	0	0	0	-7 000
Таза ақша ағыны	-208	987	1 206	428	623	-384	-369	2 901	3 668	4 143	5 208	4 458	5 929	-2 197
Кезең басындағы ақша қаражаттары	301	93	1 080	2 286	2 714	3 337	2 952	2 583	5 484	9 152	13 295	18 503	22 961	28 890
Кезең соңындағы ақша қаражаттары	93	1 080	2 286	2 714	3 337	2 952	2 583	5 484	9 152	13 295	18 503	22 961	28 890	26 693

3-2) Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе)

Эмитент шешімімен Эмитент облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде сақтауы тиіс шектеулер (ковенанттар) қарастырылған. Аталған шектеулерді (ковенант) бұзған жағдайда Эмитент облигация ұстаушылардың талаптары бойынша облигацияларды жиналып қалған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алуға міндетті. Эмитент қолданатын шектеулер (ковенанттар):

- иеліктен шығару күні Эмитенттің активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асып кететін сомаға Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығармау,

- Эмитент облигацияларын шығаруға байланысты емес міндеттемелерді облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні осы Эмитенттің активтерінің жалпы құнынан он пайыздан астам орындамау деректеріне жол бермеу,

- Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгертулер енгізбеу,

- Эмитенттің ұйымдық-құқықтық формасын өзгертпеу,

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу,

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есептерін ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасының «бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 18-4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған жағдайда Эмитент орналастырылған облигацияларды жиналған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнынан сай келетін баға бойынша не болмаса қандай шаманың көп болып табылатындығына байланысты облигациялардың ақиқат нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

4. Опциондар туралы ақпарат

Опционы қарастырылмаған.

5. Айырбасталымды облигациялар

Облигациялар айырбасталымды емес.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

Облигациялар олардың айналымының барлық мерзімі ішінде орналастырылады. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады. Облигацияларды ұйымдастырылған нарыққа орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2) акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары:

Облигациялар айырбасталмайды.

3) облигацияларды төлем жасаудың талаптары мен тәртібі:

Облигацияларды төлеу талаптары, тәртібі және есеп тәсілі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен анықталады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



David Paul Westall
(Дэвид Пол Весталл)

Чумичёва Е.В.